

Текелі қалалық мәслихатының 2008 жылғы 31 қантардағы "Текелі қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы" N 3-27 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2009 жылғы 1 маусымдағы N 12-107 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Текелі қалысының әділет басқармасында 2009 жылы 7 шілдеде N 2-3-63 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы N 25-162 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Текелі қалалық мәслихатының
20.12.2013 N 25-162 шешімімен.

Р К А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Занының 28-бабына сәйкес, Текелі қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Текелі қалалық мәслихатының "Текелі қаласы бойынша табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібі туралы" 2008 жылғы 31 қаңтардағы N 3-27 (2008 жылғы 14 наурыздағы "Текелийский рабочий" газетінің 11 нөмірінде жарияланған, 2008 жылғы 5 наурызда 2-3-42 нөмірімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2008 жылғы 28 мамырда N 4-51 шешімімен өзгерістер енгізілген, 2008 жылғы 6 маусымдағы "Текелийский рабочий" газетінің 23 нөмірінде жарияланған, 2008 жылғы 4 маусымда 2-3-49 нөмірімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Шешімнің негізгі бөлімінің 1-тaraуында "мөлшері мен тәртібі" сөздерінен кейін "қосымшасына сәйкес" деген сөздермен толыктырылсын.

2) 1-тараудың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері мен тәртібі (әрі қарай – тәртібі) Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарau тәртібі туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі "Телефонға төленетін абоненттік тарифтердің көтерілуіне жәрдемақы төлеу мәселелері туралы" N 949 қаулысына сәйкес әзірленген және

тұрғын үй көмегінің мөлшері мен беру тәртібін анықтайды.
Пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

а) уәкілдегі орган – қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі б о л ы п с а н а л а д ы ;

б) участекелік комиссия – тұрғын үй көмегін алуға өтініш жасаған
отбасылардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытынды
дайындау үшін әкімінің әкімімен құрылатын комиссия".

3) 1-тaraудың 2-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй көмегі осы мекенде тіркелген, тұрақты тұратын және тұрғын
үйдің иесі немесе жалдаушысы болып табылатын тұрмысы төмен отбасыларына
жергілікті бюджеттің есебінен жүзеге асырылады. Тұрғын үй көмегі ақшалай
төлем р е т і н д е т ағайындалады".

4) 1-тaraудың 4-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын
:

"Уәкілдегі орган құжаттарды қабылдап алғаннан кейін қажеттілігіне қарай
тұрғын үй көмегін алуға өтініш жасаған отбасылардың материалдық жағдайына
тексеру жүргізу және қорытынды дайындау үшін құнтізбелік бес күн ішінде
участекелік комиссияларға тапсырады. Участекелік комиссия жүргізілген тексеру
нәтижелері бойынша өтініш берушілердің құжаттарын отбасына тұрғын үй
көмегін тағайындау немесе тағайындамау жайлы ұсынысымен құжаттарды
қабылдаған күннен бастап құнтізбелік он бес күн ішінде уәкілдегі органға
қ а й т а р а д ы .

Құжаттарды қабылдап алған күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде тұрғын
үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы уәкілдегі
органның бастығының немесе оның міндетін атқарушы адамның қол қойған
шешімі қабылданады. Өтініш иесі уәкілдегі органның шешімімен келіспеген
жағдайда жоғарғы тұрған уәкілдегі органдарға, сондай-ақ сот тәртібімен
ш а ф ы м д а н у ғ а құқылы".

5) 3-тaraудың 4-тармағы екінші абзацымен толықтырылсын:

"Тұрғын үй көмегін алуға өтініш білдірген отбасылардың (азаматтардың)
өтініштерін қарау мерзімі Қазақстан Республикасының "Жеке және занды
тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңының 8-бабының 1, 2-
тармақтарына сәйкес, өтінішті қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды
тұлғалардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін
жеке және (немесе) занды тұлғаның өтініші құнтізбелік он бес күн ішінде
уәкілдегі органмен қаралады және ол бойынша шешім қабылданады; өтінішті
қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды тұлғалардан ақпарат алу не
жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін жеке және (немесе) занды
тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды тұлғаға келіп түскен күнінен бастап

күнтізбелік отыз күн ішінде уәкілетті органмен қаралады және ол бойынша шешім қабылданады".

6) 3-тараудың 8-тармағындағы "қүтетін 55 жасқа толған азаматтар" деген сөздер "қүтетіндер" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т е к е л і қ а л а л ы қ
мәслихатының IV шақырылымындағы
кезекті XIII с е с с и я с и н ы н
төрағасы, мәслихат хатшысы Н. Калиновский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және күкүйктық ақпарат институты» ШЖҚ РМК